

Жамбыл облысы Жамбыл ауданының кейбір елді мекендерінің әкімшілік бағыныстылығын және ауылдық округтердің шекараларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы мәслихатының 2026 жылғы 5 мамырдағы № 33-5 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2), 3) тармақшаларына сәйкес, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мен мәслихатының бірлескен ұсынысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес:

1) Жамбыл ауданы Айша бибі ауылдық округінің әкімшілік бағынысына Бәйтерек ауылының аумағы енгізілсін және оның әкімшілік бағыныстылығы өзгертілсін;

2) Жамбыл ауданы Аса ауылдық округінің әкімшілік бағынысына Құмтиын ауылының аумағы енгізілсін және оның әкімшілік бағыныстылығы өзгертілсін;

3) Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округінің әкімшілік бағынысына Сеңгірбай ауылының аумағы енгізілсін және оның әкімшілік бағыныстылығы өзгертілсін. 2. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихаты шешімінің қосымшасына сәйкес:

1) Жамбыл ауданы Бәйтерек ауылының жалпы көлемі 198,0 гектар жерін Айша бибі ауылдық округінің шекарасына қосу жолымен Айша бибі ауылдық округі шекарасының жалпы көлемі 3309,5641 гектар болып өзгертілсін;

2) Жамбыл ауданы Құмтиын ауылының жалпы көлемі 282,0 гектар жерін Аса ауылдық округінің шекарасына қосу жолымен Аса ауылдық округі шекарасының жалпы көлемі 2959,8 гектар болып өзгертілсін;

3) Жамбыл ауданы Сеңгірбай ауылының жалпы көлемі 195,0 гектар жерін Қарасу ауылдық округінің шекарасына қосу жолымен Қарасу ауылдық округі шекарасының жалпы көлемі 2186,3535 гектар болып өзгертілсін;

4) Жамбыл ауданы Құмтиын ауылының жалпы көлемі 282,0 гектар жерін Аса ауылдық округінің шекарасына қосу, Сеңгірбай ауылының жалпы көлемі 195,0 гектар жерін Қарасу ауылдық округінің шекарасына қосу жолымен Қаракемер ауылдық округі шекарасының жалпы көлемі 1682,59 гектар болып өзгертілсін.

3. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігі қаулысының және Жамбыл облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы
Облыстық мәслихаттың төрағасы

Н. Календеров
А. Нұралиев
Жамбыл облысы әкімдігінің
2026 жылғы "05" мамырдағы №88
қаулысы мен Жамбыл облыстық
мәслихатының
2026 жылғы "05" мамырдағы №33-5
шешіміне қосымша

Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Айша бибі, Аса, Қарасу және Қаракемер ауылдық округтері жерлерінің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы ауданы (гектар)	оның ішінде:				Бөгде жер (гектар)	Шекарасы өзгертілгеннен кейінгі жалпы көлемі (гектар)
			егістік (гектар)	к ө п жылдық екпелер (гектар)	шабындық (гектар)	жайылым (гектар)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жамбыл ауданы Айша бибі ауылдық округінің бекітілген шекарасы	3111,5641	364	5	0	2541,35	201,2141	3309,5641
2	Жамбыл ауданы Айша бибі ауылдық округінің шекарасы на толық қосылатын Бәйтерек ауылы жерлерінің ж е р көлемі	198	8	1	0	162	27	
3	Жамбыл ауданы А с а ауылдық округінің бекітілген шекарасы	2677,8	622,51	0	39	1491,29	525	2959,8

4	Жамбыл ауданы А с а ауылдық округінің шекарасы на толық қосылатын Құмтиын ауылы жерлерінің ж е р көлемі	282	21	4	14	174	69	
5	Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округінің бекітілген шекарасы	1991,3535	59	8	0	1806,3535	118	2186,3535
6	Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округінің шекарасы на толық қосылатын Сеңгірбай ауылы жерлерінің ж е р көлемі	195	4	0	0	171	20	
7	Жамбыл ауданы Қаракемер ауылдық округінің бекітілген шекарасы	2159,59	168,29	9	14	1805,53	162,77	1682,59
8	Жамбыл ауданы Қаракемер ауылдық округінің құрамына н толық шығарыла т ы н Сеңгірбай ж ә н е Құмтиын ауылдары	477	25	4	14		89	

	ның жер көлемі				345		
--	-------------------	--	--	--	-----	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК